



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯ

Аканова Гульнара Бағитжановна
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Әулиекөл ауданы білім бөлімінің Лаврентьев
негізгіорта мектебі» КММ
Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы
Лаврентьев ауылы, Қазақстан
E-mail: gulnara.akanova@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі мен мақсаты: Мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тиімділігін, оның ішінде смартфонның сабақберуде пайдалану мүмкіндіктерін көрсету. Мұғалімдерге жаңаша білім беруде бағыт беру құралы ретінде қарастырып, аталған инновациялықәдіс-тәсілдердіөз тәжірибесінде қолданудың тиімділігін түсіндіру. Тәжірибемен бөлісу.

Түйінді сөздер: педагог, озық технология, инновация, тәжірибе, нәтиже.

Аннотация

Актуальность и цель: Демонстрация эффективности использования учителем информационно-коммуникационных технологий, в том числе возможностей использования смартфона в обучении. Разъяснить эффективность применения данных инновационных методов и приемов в своей практике, рассматривая их как средство направления учителей в новом образовании. Поделиться опытом.

Ключевые слова: педагог, передовая технология, инновация, опыт, результат.

Abstract

Relevance. Goal: Demonstration of the effectiveness of the teacher's use of information and communication technologies, including the possibilities of using a smartphone in teaching. To explain the effectiveness of the use of these innovative methods and techniques in their practice, considering them as a means of directing teachers in new education. Share your experience.

Key words: teacher, advanced technology, innovation, experience, result

21-ші ғасыр – жоғары технологиялар мен жаһандық өзгерістер, білімділер ғасыры. Осы заман талабына сай бәсекеге қабілетті болу үшін қандай да бір салада білімді, жаңалыққа дайын, күзиретті мамандар қажет. Осы орайда еліміздегі біліктілікті арттыру орталықтарының жасап жатқан еңбектері зор. Бастауыш сынып маманы ретінде біліктілігімді арттырып, тәжірибемді жетілдіру мақсатында үшінші (базалық) деңгей курсынан, 2017 жылы білім мазмұнын жаңартудағы бастауыш сынып пәндері бойынша курсынан өттім. Жаңартылған мазмұнда өткізілген курстардың нәтижесінде өз практикама түбегейлі өзгеріс енгіздім. Осыған дейін өткізген дәстүрлі сабақтарымыз оқушылардың ойлау, даму деңгейін ескермей, оқушының ой-пікірімен санаспай «орташа» оқушыға бағытталған сабақ болатын. Оның мақсаттары оқушыға емес, мұғалімге арналып жазылатын. Әр сабақта «Қандай нәтижеге қол жетеміз?» – деген сұрақтар туындаған жоқ. Сабақ барысында мұғалім өзі баяндаушы, өзі бақылаушы, өзі бағалаушы болды. Деңгейлік курс мазмұнында заманауи технологиялардың 7 модулімен танысып, меңгердім. Аталған модульдердің бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды практикама енгізуді бастадым [1, б. 85].

Қазіргі сабақтардың мақсаты оқу мен оқытудың нәтижесіне бағытталған, қолжетімді, оқушының өз бетімен білім алуына ықпал етеді. Жаңашыл сабақтардың құрылымы мақсат қоюдан басталып, оқудан күтілетін нәтижелерін, сол нәтижелерге қол жеткізу үшін оқытудың жаңа әдістерін және оқушы мен мұғалімнің рөлін айқындап алудан тұрады. Сабақтың әр кезеңінде оқушыны қалыптастырушы бағалау арқылы ынталандыру сабақтың мақсатына жетудің бірден бір жолы. Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті, ағымға ілесетін оқушы тәрбиелеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басымдылық алып келеді. Білім беру саласының көп қолданыста жүрген АКТ құралдары арқылы (смартфондар, планшеттер, интерактивті тақта, мультимедиялық кабинеттер) ғаламтор, электрондық оқулықтар, аудиооқулықтар т.б. қолдану білім сапасын көтеруде тиімді.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде өткен курстан соң «Өз тәжірибемде нені өзгерткім келеді?» – деген сұрақ туындады. Ең алдымен, әрине, өзімді және өзімнің көзқарасымды жаңартудан бастауым керек екенін түсіндім. Ізденіс барысында басқа озық тәжірибелерді зерделей отырып, сабақтарымды жаңаша ұйымдастыратын болдым, оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылдым, оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіріп, жақсарту мақсатында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білім сапасын көтеру үшін сабақ үдерісіне жаңа технологияларды енгізе бастадым. АКТ-ның балаларға әсері ерекше болды. Сыныпта балалар сабақтан басқа нәрселерге көңіл бөлмейді. АКТ-ны кеңінен пайдалану арқылы балалар оқулықта жазыла бермейтін өмірге керекті ақпараттар алады. Менің сабақтарымда қолымнан келгенше АКТ-ны

кеңінен пайдалануға тырыстым. Балалар сабақпен слайд арқылы танысып, оқулықпен аз жұмыс жасады. Бұл әдіс менің уақытты ұтымды пайдалануыма септігін тигізді. Бір білгенім, сабақтарым қызықты өткенінен бөлек, балалардың белсенділігінің артқанын байқадым. АКТ құралдарымен жұмыс істегенде баланың ұқыптылығы, байқампаздығы, берілген тапсырмалардың нәтижелілігі байқалады. Сонымен қатар дұрыс шешім қабылдай алуға, шапшаң ойлауға, алдына қойған мақсаттарын жоспарлай білуге үйрететінін байқадым. Мұғалімнің алдына келген баланың қабілеті әртүрлі болады, ойлауы, қабылдауы бөлек болады. Мұндай жағдайда мұғалім үшін де АКТ-ның көмегі көп. Себебі, баланың тапсырманы орындауында, шешім қабылдауында уақытты ұтымды пайдалана алуына қарап, оның қабілетін анықтауға болады. Бала түсіндіріп, оқығаннан гөрі өз көзімен көріп, өзі істейтін болса, тез ұғатыны анық. Сондықтан да әр сабағымда көрсетілетін презентацияларды, иллюстрацияларды, бейнематериалдарды жас ерекшелігіне сай ұсынуға тырысамын. Сабақ түріне байланысты мен немесе оқушы өз презентацияларымызға мәтіндік немесе графикалық үзінділерді, анимацияларды, бейнефильмдерді, сонымен қатар музыкалық немесе дауыстық безендірулерді қоса аламыз. Тіпті, сергіту сәтін АКТ көмегімен өткізген кезде оқушылардың сабақ барысында жалығуы төмендеп, көңіл-күйлері көтеріңкі болады. Сабаққа деген қызығушылы артады [2, б. 41]

Қазіргі таңда АКТ-ның көмегімен түгел сабақты да өткізуге болады, ол үшін түрлі білім платформалары жасалған: BilimLand, OnlineMektep, iTestar қылы балаға қашықтықтан білім беруге қолайлы. Оқушы өзіне қажетті ақпаратты осы платформалар арқылы алып, кері байланыс бере алады.

Сабақтарымда компьютерді, проекторды, дыбыстық колонкаларды қолданамын, соңғы кезде оқушыларға смартфонды пайдалану арқылы жұмыс жасауды үйретіп жатырмын. Жаңа және тез өзгеріп отыратын мобильді технологиялардан қалмай қатар жүру, сондай-ақ инновациялық технологиялар ретінде сабақта оқушының белсенділігін арттыруда бүгінгі күннің жаңалығы – QR кодтарды пайдалану қазіргі уақытта кең өріс алуда. QR коды – «жылдам жауап» дегенді білдіреді және ол штрих-кодтың бір түрі 1994 жылы Жапонияда ойлап табылған. QR-кодтың көмегі арқылы сабақ материалдарын оқушының өзі алып, орындауына болады. Мұндай тәсіл сабақ барысында оқушыға толықтай өзі шешім қабылдауға және мұғалімді тек нұсқаушы ретінде рөл атқаруға пайдасын тигізеді. Әрине, мұндай сабақтар мұғалімнің шеберлігін талап етеді.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет – ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс. Кәсіби құзыреттілігімді дамыту мақсатында түрлі деңгейлердегі семинарлар, шебер сыныптар, тренингтер, коучингтерге қатысамын. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы базасында ұйымдастырылған «Бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өттім. Жинаған тәжірибелерімнің нәтижесінде сабақтарымда инновациялық әдіс-тәсілдерді ұтымды қолданып келемін. Мысалы: сабақтарды Блум таксономиясына салып, жоспарлау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін, дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін қоса алғанда, қалай оқу керектігі сияқты қуатты педагогикалық құралдарды қолдануға тырысамын. Оқыту процесінде оқытуды жақсартудың оқушылардың топтардағы бірлескен жұмысы, диалогтік оқыту, өзара және өзін-өзі бағалау, оқыту меноқуда АКТ-ны қолдану сияқты тәсілдері арқылы жүзеге асырамын. Осындай озық технологиялардың бастауыш сынып деңгейінде сабақтарда және сабақтан тыс іс-әрекетте қолдануға тиімдісі – сын тұрғысынан ойлау әдістері мен тәсілдері. Осы орайда «Бинго», «Көзбе», «Аққу ұшты, қайда? Сайға..», «Фишка», «Фишбоун», «Музыкамен қозғал», «Математикалық өткеншек», «Стоп кадр», балаларға үйреншікті «Сулифа» ойыны, «Он сұрақ», «Иә, жоқ» ойыны, «Сахналау», «Шетелдік», «Өрмекші», «Гармошка», «Ыстық орындық», «Ойлау картасы», «Миға шабуыл», «Ассоциация», «Мозайка», «Топпен жұмыс», «Жұппен жұмыс» әдістерін қолданып, «Кофе-брейк» ұйымдастыру т.с.с. тәсілдер баламен ойнай отырып, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру арқылы, білім сапасын көтеруге болады. Нәтижесін көру үшін жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау, яғни оқу үшін бағалауды пайдаланамын.

Әріптерді жаңа бастап жатқан 1 сынып оқушыларына тақтаға буындарды іліп, келесі тақтаға сөз құрамамын, сөздерді іліп, сөйлемдер құрамамын. Парақшалардан өздеріне «Скейтчбук» жасатып, шығармашылық жұмыстар орындамамын. Мысалы: жасаған «Скейтчбуктың» ішіне бес жол өлең жазу, жұмбақ құрастыру, сурет салу, т.с.с тапсырмалар беремін. «Домино» әдісі қолданғанда оқушыларға қима қағаздар беріледі, қимадағы сөздер мен сандарды сәйкестендіріп шығады. Математика сабақтарында Кубик, домино, ұсақ ойыншықтар сияқты түрлі ресурстарды пайдаланып, өрнектер құрып, математикалық тілде оқуға қазірден дағдыландырып келемін. Жаңа бағдарламаны меңгеру барысында осы әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда,

яғни тұлғаны жан–жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды қолданушы рөл атқарады, оң нәтиже береді [3, б. 38].

Инновациялық сабақтардың ең басты көрсеткіші – өзін және өзгелерді бағалау. Өзін–өзі бағалау – бұл оқушының өзі туралы ұғымы, өзін сол қалпынша қабылдауы және ұғынуы (яғни өзі туралы ойлар), айтқан жауабына қарап баға деңгейін өзіне өзі белгілеуі. Міне, осы дағдыларды сабақ сайын қалыптастырып отырса, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым–қатынас, түсіністік күшейе түседі. Оқушы өз іскерлігінің нәтижесін әр сабақ сайын көріп, біліп, талдап, қорытындылап отырады. Сабақ үдерісінде оқушы үшін де, мұғалім үшін де қолайлы психологиялық атмосфера дегеніміз, меніңше, осы. Осыған сүйене отырып мен, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау модуліне аса зор мән беремін. Оқушы өзіне немесе өзінің оқуына баға беретін болса, ол үшін ол әділ баға болып есептелетінін түсіндім. Мен өткізілген сабақтарымның әр кезеңінде жұмыс жасатып, оны қарсы оқушыға бағалатып отырдым. Бағалаудың тағы бір ерекшелігі оқушы бағасын өзі де, басқалар да біліп отырады. Демек, бұл нағыз аутентивті түрде (нағыз әділ) бағалау әдісі. Тақтаға баланың берген жауабын ұпаймен жазамын. Сондай–ақ, әр бағаның ұпайлар санын міндетті түрде көрсетемін. Табыс критерийлері бойынша балалар кестені толтырып бағалайды және «Бағдаршам», «Бас бармақ», «От шашу», «Екі жұлдыз, бір тілек», т.б. әдістері арқылы бірін–бірі бағалайды. Балалар бір–бірін бағалағанда, өздерінің атқарған жұмыстарымен салыстыра отырып бағалайды. Бір–бірін тексергенде өздерінің жіберген қателерін тауып, түзетуге тырысады.

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету баланың бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау және талдауда қолданылатын әдіс болып табылады. Сондықтан да осы әдісті қолданудың арқасында баланың бір нәрсені елестетуі, ойлауы, баламалы шешімдерді тез қабылдай алатынын аңғардым. Сабақтарды өткізу барысында сын тұрғысынан ойлау әдісінің балалардың өз шешіміне дәлелдер жинақтап, өздерін және басқа балаларды бағалап, интерпретациялау дағдыларын дамытуға үйрететінін түсіндім.

Қарқынды дамып келе жатқан заманда мұғалім тек оқуды дамытып қана қоймай, өзі де үйрене отырып, өзгеге үйретуді, өз тәжірибесімен бөлісуге ұмтылуы керек. Осы орайда, мен де жылдар бойы жинаған тәжірибеммен бөлісіп отыруға тырысамын:

- Аудан деңгейінде бастауыш сынып бірлестігі семинарында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдіс–тәсілдерін қолданып, оқушылардың танымдық қабілеттерін, ой–өрісін, пәнге деген қызығушылығын арттыру бойынша тәжірибеммен бөлісу мақсатында «Бастауыш мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың тұлғалық жетістіктеріне қол жеткізу тетіктері» тақырыбына баяндама оқыдым.

- Серіктес мектептер арасында өткізілген практикалық семинарда түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, мұғалімдердің өз тәжірибесінде тиімді пайдалануына ықпал жасау мақсатында «Сабақ барысында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту жолдары» тақырыбына шебер сынып өткіздім.

- Серіктес мектептер арасында өткізілген озық педагогикалық тәжірибелермен бөлісу семинарында мұғалімдермен сыни ойлау технологиясын сабақта қолданудағы тиімділіктерін анықтай отырып, сыни тұрғыда ойлаудың стратегияларын өз тәжірибелерінде қолдануға негіздеу мақсатында «Сабақтарда және сабақтан тыс іс–әрекетте сын тұрғысына ойлау әдістері мен тәсілдері» тақырыбына коучинг өткіздім.

- Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысын дамытуға, оқу жылдамдығын арттыруға және оқығанды меңгеруге әр түрлі әдіс–тәсілдерді қолдану арқылы жағдай жасау мақсатында әріптесіммен бірігіп «Бастауыш сыныптарда оқу жылдамдығын арттыруға арналған әдіс–тәсілдер» атты авторлық бағдарлама құрастырдық.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы–педагогы, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» үндеуімен өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екенін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ұлы Ұстазымыздың «Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деген ұлағатты сөзін әр ұстаз өз ұранына айналдырса, болашақ ұрпағымыз білімді әрі білікті, құзіретті болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жаңаша ойлап, жаңаша жұмыс істеу. Қостанай 2015 ж.
2. Оқыту мен оқуда ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану. Қостанай 2015 ж. 41 б.
3. Г. Аканова Бастауыш сынып оқушыларының үйретілетін құндылықтарды дамыту // Бастауыш мектеп, Алматы 2022 ж. № 2(109)